

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Хаттама №4

Қосбөлтек ауылы

13.02.2026ж.

Ата-аналарға арналған консультациялық пункт жұмысын жүргізту бойынша тәрбиеші Л.Султанбекова ата-аналармен бірлесіп «Ойлау, тәрбиелеу, дамыту, оқыту» яғни ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру, олармен жұмыс жасау барысында ойын, оқыту ұйымдастырылды.

Л.Султанбекова ата-аналарды қарсы алып, олармен жақсы қарым-қатынас барысында ойын арқылы қабылдап, бүгінгі күннің тақырыбымен таныстыра отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылған мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарымен жүргізілетін консультациялық пунктер бойынша жұмыс барысын атап өтті.

Бұл консультациялық пункттің мақсаты мен міндеттеріне тоқтала өтті. Мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету болса, міндеттері мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуы мәселелері бойынша ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету, мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету, ата-аналарға бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету болып отыр. Осы отбасыларға консультация беру жұмысы балабақшадағы мамандардың атап айтқанда, басшының, әдіскердің, тәрбиешінің, медициналық қызметкердің, психологтың және басқа да мамандардың қызметін кіріктіру негізінде құрылады.

Бүгінгі күні сіздерді жоспар аясында жүргізілетін жұмыс барысында отбасыңызда баламен ойын, тәрбиелеу оны дамыту барысында жұмыстар жасаймыз.

Тақырып аясында ата-аналарға тапсырмалар берілді. Сол тапсырмаларды ата-аналар тарапынан ойындар, жұмыстар атқарылды.

Осы бүгінгі күнгі жүргізілген жұмыстар бойынша өз ойларыңызды айта отыру ұсынылды.

Ата-ана Л.Марат өз баласының балабақшаға бармайды отбасылық жағдайға байланысты болғандықтан осы консультациялық пункт жұмысына қатысып отыратынын айта келе, бүгінгі ұйымдастырылған жұмыс барысында әдістемелік көмек алғанын, өз отбасында балаға аса назар аудара бермейтінін, көбінде бала телефонмен отыратынын жасырмайтынын, отбасында осы жұмыстарды балаға

үйрете отырып, мысалы сурет салдыру, дамытушы ойыншықтар арқылы баланы жақсы дамыта алатынын айтты.

Хатшы:



Ф. Мақсымханова

